



Қорытындылай келе, «050721 – Органикалық заттардың химиялық технологиясы» курсы бакалаврларына жүргізілетін «Табиғи, мұнайға серік және технологиялық газдарды кезеңдегі өңдеу технологиялары» арнайы пәні студенттер тарапынан үлкен қызығушылыққа ие болды. Баса назар аударатынымыз, осындай маңызды, қажет пәннің сағат санының аз болуы. Аукымды лекциялар мен күрделі тапсырмаларды орындауға сағат тапшы. Сондықтан болашақта уақыттарда осы мәселені қарастыруды басшылыққа айтқымыз келеді. Пәнді оқыту барысында түрде слайдтарды пайдаланудың қажеттілігі анықталды. Соңғыларды пайдаланғанда студенттер тарапынан кейбір техникалық ақаулар болғандығын айта кету қажет. Мысалы, арнайы техникалық (проектор, ноутбук) пайдалану жүйесін жетілдіру және т.б.

Обсуждены пути оптимизации преподавания спец. дисциплины «Современные технологии переработки нефтяных попутных и технологических газов» для бакалавров 4 курса по специальности «Химическая технология органических веществ».

**Ключевые слова:** качество, обучение, инновации, слайды.

The ways of optimization of teaching of special discipline «Modern technologies of natural, oil and technological gas refine» for 4 year students on specialization «Chemical technology of organic substances» were discussed.

**Key words:** quality, training, innovations, slide.

### СТУДЕНТТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУДЕ КІРІКТІРІЛГЕН (ИНТЕГРАЦИЯ) ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСІ.

*Торманов. Н.Т., Джуманова. Г.К.  
эл-Фараби атындағы Қаз ҰУ*

Білім беру ісінде оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру, дамыта оқыту, кіріктіріліп оқыту, пәнаралық байланыстарды пайдаланып оқыту, оқушының өзіндік іс әрекетін белсендіру арқылы жаңа инновациялық технологияларының маңызын арттыру. Инновациялық педагогикалық технологиялардың жетілдіріліп толығымен игерілуі және оқыту үдерісінде қолданылуы – Европалық стандартқа сай болуы, яғни, білім беру кеңістігіне еркін ерудің алғы шарттарының бірі болып табылады. Соңғы жылдары инновациялық технологиялардың бағыттарын жетілдіріліп оқыту үдерісінде кеңінен қолданылуда. Атап айтсақ: саралап оқыту, проблемалық оқыту, деңгейленген оқыту, модельдеу арқылы қарқынды оқыту, сатылай және дамыта оқыту, сын тұрғысынан ойлау жүйелері бағдарламалық оқыту, кіріктіре оқыту, компьютерлік оқыту, тағы басқалары. Ақпараттық технологиямен оқыту жүйесі бір түрі ретінде оқу процесінде оңтайлы пайдалану бүгінгі күннің қажеттілігі. Дегенмен ақпараттық технологияны басқа әдістерменен кешенді түрде пайдаланғанда ғана қоғам талабына сай жеке тұлға қалаптастыруға болады.

Қазіргі жағдайда оқыту процесінде **кіріктіре** оқытуды пайдалану білім беру жүйесінде кең таралып келеді. Мысалы, жаратылыстану цикліне кіретін барлық пәндерді пәнішілік, пәнаралық кіріктірілуі негізінде оқушының ойлау қабілетін дамытуға болатыны белгілі.

Білім беру кезінде оқушыларға **кіріктіру** әдісі жайлы біртұтас түсінік қалыптастыру үшін, оны алдын ала бейнелеу үлгісін жасау арқылы іске асырылуы керек. Оқу процесінде проблемалық жағдай туғызу арқылы таным процестерін кіріктіруге мүмкіндік туғызады. Кіріктірілетін пәндердің оқу мазмұнының арасындағы білімді түсіну арқылы студентке ойлау дағдысы мен шығармашылық, іскерлік қалыптасады. Ғылымдар жүйесін пәнаралық байланыс негізінде қарастыра отырып, әр пәнге жататын арнайы жекеленген түсініктермен қатар, бірнеше пәндерге жататын арнайы ұғымдар қолданылады. Осыған орай оқушылардың білімін бір жүйеге жинақтау арқылы, талдау жасап, бір қорытындыға келеді.

Кіріктірілген сабақ – бұл арнайы ұйымдастырылған сабақ, оның мақсатына тек қандай да бір шекаралық мәселелерді қарастыруға және шешуге бағытталған, зерттеліп отырған мәселені оқушылардың тұтастай қабылдауына мүмкіндік беретін, практикалық бағыты бар және өзіне әртүрлі ғылым әдістерін үйлесімді түрде сәйкестендірілген әр түрлі пәндегі білімдірді біріктіру арқылы ғана қол жеткізуге болады [1,91-102].

Оқу процесінде білім беруді ақпараттандыру арқылы жаратылыстану пәндерін кіріктіре оқытудың тиімділігі жоғары. Себебі, студенттер оқу процесінде ақпараттық технология